

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің 90 жылдығына және Шығыстану
факультетінің құрылғанына 35 жыл толуына арналған
«ДЕРБІСӘЛІ ОҚУЛАРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

13 қараша, 2024

MATERIALS
of International scientific and Practical conference
«**DERBISALI READINGS**» dedicated to the 90th anniversary of the Al-Farabi Kazakh
National University and the 35th anniversary of the establishment of the Faculty of Oriental Studies

November 13, 2024

Алматы
«Қазақ университеті»
2024

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5Каз)
Қ 18

Ұйымдастыру комитеті:

Төраға: Түймебаев Ж.Қ. – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасы –
Ректоры

Төрағаның орынбасарлары: – **Айтжанова Ж.Н.** - Басқарма мүшесі – Ғылыми-
инновациялық қызмет жөніндегі проректор.

Ем Н.Б. – Шығыстану факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

Көкеева Д.М. – Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының меңгерушісі,
философия ғылымдарының кандидаты, доцент

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

Алипова С.Б. - Шығыстану факультеті деканының ғылыми-инновациялық жұмыс және
халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары, PhD

Абаған А.Б. - Қиыр Шығыс кафедрасының меңгерушісі м.а., PhD

Керимбаев Е.Ә. - Қытайтану кафедрасының меңгерушісі м.а., PhD

Эгамбердиев М.Ш. - Түркітану және Шығыс елдері тарихы кафедрасы меңгерушісі,
т.ғ.к., доцент

Қалиева Ш.С. - Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Құрастырған: Көкеева Д.М., Бокулева Б.С., Жумажанова Ф.Т.

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің 90 жылдығына және Шығыстану
факультетінің құрылғанына 35 жыл толуына арналған «**Дербісәлі оқулары**» атты
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - 13 қараша, 2024. – Алматы:
Қазақ университеті, 2024. – 464 б.

ISBN 978-601-08-4494-0

«Дербісәлі оқулары» материалдар жинағына шығыс елдерінің шығыс тілдерін,
мәдениетін, тарихын, саясатын, философиясы мен руханиятын зерттеу мәселелеріне
арналған ғылыми мақалалар енгізілген. Сонымен қатар жинаққа шығыстану факультетінің
негізін қалаушы академик Әбсаттар Дербісәлінің ғылыми мұрасына қатысты зерттеу
материалдары енгізілген. Жинақ шығыстану ғылымына қызығушылық танытатын барлық
ізденушіге арналған.

Ескерту: Ұйымдастырушы комитет авторлардың мақала мазмұнына жауап бермейді.

ISBN 978-601-08-4494-0

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2024

6. Human Rights Watch. *We Want to Live as Humans: Repression of Women and Girls in Western Afghanistan* [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.hrw.org/reports/2002/afghanwomen.pdf> (қол жеткізу күні: 13.10.2024).
7. United Nations Development Programme (UNDP). *Reports on Gender in Afghanistan* [Электронды ресурс]. – URL: <http://www.af.undp.org/content/afghanistan/en/home/library.html> (қол жеткізу күні: 13.10.2024).
8. UNICEF. *State of the World's Children: Focus on Girls' Education in Afghanistan* [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.unicef.org/reports/state-worlds-children-2020> (қол жеткізу күні: 16.10.2024).

КОРЕЙ ТІЛІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЖАҢАЛЫҚ МӘТІНДЕРІН АУДАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: МӘДЕНИ НЮАНСТАР МЕН СТРАТЕГИЯЛАР

Қуан Ғауһар Үсенқызы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты

Белялова Айгерім Ермековна

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, PhD

Аңдатпа. Аударма барысында екі елдің мәдениеті, дипломатиялық дәстүрлері, тілдік құрылымдары және риторикалық тәсілдері ескерілуі қажет. Корей және қазақ тілдеріндегі дипломатиялық риторика стильдік, грамматикалық және лексикалық жағынан айтарлықтай ерекшеленеді. Мақалада аударма сапасын жақсарту үшін қолданылатын бірнеше маңызды стратегиялар ұсынылады: контексті терең түсіну, дипломатиялық мәнмәтінге сәйкес келетін баламалы сөздер мен тіркестерді таңдау, аударылатын мәтіндегі автордың бастапқы ниеті мен позициясын дұрыс жеткізу. Сонымен қатар, корей тіліндегі құрмет көрсету жүйесі, тұрақты тіркестердің аудармаға әсері, қазақ тіліндегі сыпайылық пен мәдени реңктерді сақтау, сөз қолдану және сөйлем құрылымын бейімдеу әдістері де талданады. Бұл мақала дипломатиялық мәтіндерді аударудағы мәдениаралық байланыстар мен тілдік үйлесімділікті қамтамасыз ету үшін қажетті білім мен дағдыларды арттыруға бағытталған.

Кілт сөздер: аударма, дипломатиялық мәтіндер, қазақ тілі, корей тілі, мәдени нюанстар.

Кіріспе

Дипломатиялық жаңалық мәтіндерін аудару — түрлі елдер арасындағы мәдениетаралық диалог пен коммуникацияны қамтамасыз ететін маңызды салалардың бірі. Әсіресе, корей тілінен қазақ тіліне аударма жасау барысында мәдени айырмашылықтар, дипломатиялық этикет, формалдылық дәрежесі, лексика мен синтаксис ерекшеліктері және сөздердің мән-мағынасы назарға алынады. Дипломатиялық мәтіндердің күрделілігі мен ерекшеліктерін түсіну аударма сапасының маңызды факторы болып табылады, себебі кез келген қателік немесе түсінбеушілік халықаралық деңгейдегі қарым-қатынасқа кері әсер етуі мүмкін.

Жаһандық дәуірінде халықаралық қатынастардың қалыптасуына елдер арасындағы тиімді коммуникацияның маңызы зор. Оңтүстік Корея мен Қазақстан дипломатиялық байланыстарын нығайтып келе жатқандықтан, дипломатиялық мәтіндерді корей тілінен қазақ тіліне аудару барған сайын маңызды бола түседі. Бұл міндет тек сөздерді бір тілден екінші тілге аударумен шектелмейді. Ол тілдік нюанстарды, мәдени контексттерді және дипломатиялық этикеттің ерекшеліктерін терең түсінуді талап етеді.

Корей тілі ерекше құрмет көрсету жүйесі мен сыпайылық деңгейлерімен сипатталады, олар сыйластық пен әлеуметтік иерархияны білдіруде маңызды рөл атқарады. Дипломатиялық мәтіндерде сөздік таңдау мен сөйлем құрылымы осы мәдени

нюанстарды ескере отырып, хабарламаның дұрыс жеткізілуін қамтамасыз етуі тиіс [1, 297 б.].

Корей тілі қазіргі заманғы деректерге сүйенсек, ешбір тілдік отбасы құрамына кірмейді, бұл оны басқа тілдерден ерекшелендіреді. Бұл факт корей тілін үйрену барысында мәдени, тарихи, саяси ерекшеліктердің маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Республика Корея аумағында диалектілердің болуы да аударма процесінде ескерілуі тиіс маңызды деталь болып табылады, әсіресе ауызша аударма кезінде. Сондай-ақ, жазбаша аудармада да корей тілінде жазылуында түрліше, бірақ мағынасы бірдей сөздердің кездесетінін ескеру қажет. Бұл көп жағдайда корей халқымен тұратын аймақтарға байланысты [2, 40 б.].

Лингвистикалық және мәдени қиындықтардан басқа, дипломатиялық контексттің өзі қосымша күрделіліктерді енгізеді. Әрбір елдің хабарларды қалай дайындау және жеткізу керектігін көрсететін өзіндік дипломатиялық протоколдары бар. Мысалы, вербальды емес коммуникацияның нюанстары мен контекстке тән жесттердің маңыздылығы дипломатиялық өзара әрекеттесулерге елеулі әсер етуі мүмкін. Бұл аудармашылардың тек тілдік дағдыларға емес, сонымен қатар мәдени және контекстуалды сезімталдыққа ие болу қажеттілігін көрсетеді [3].

Бұл мақала осы көпқырлы қиындықтарды тереңірек зерттеуді, тиімді аударма стратегияларын анықтауды және Оңтүстік Корея мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық коммуникацияны жақсартуда білім беру бастамаларының маңыздылығын атап өтуді мақсат етеді. Лингвистикалық ерекшеліктерді, мәдени контексттерді және аудармаға практикалық көзқарастарды зерттей отырып, біз тілдің сәтті дипломатиялық қатынастарды дамытудағы маңызды рөлін жақсырақ түсіне аламыз.

Негізгі бөлім

Дипломатиялық мәтіндер өзіне тән ерекшеліктерге ие, өйткені олар тікелей тарихпен, экономикамен, мәдениетпен өткен, қазіргі және болашақ кезеңдермен тығыз байланысты. Дипломатиялық мәтіндерді аудару процесі арнайы терминологияны, күрделі сөйлемдерді және ұғымдарды қамтитын кешенді жүйе болып табылады. Дипломатиялық мәтіндердің ерекшеліктерімен қатар, аударылатын тіл де өзіне тән өзгешеліктерге ие [4, 11 б.].

Қоғамдық-саяси аударма тікелей газеттердегі, интернеттегі саяси жаңалықтармен, сондай-ақ дипломатиялық кездесулермен байланысты, мұнда саяси қайраткерлердің сөздерін сапалы аудару өте маңызды, себебі ол қақтығысты жағдайлардың алдын алады. Мұндай аударма тек тар ауқымды терминологияны ғана емес, сонымен қатар сөздің эмоциялық реңкін де қамтуы мүмкін. Көбінесе саяси қайраткерлер әртүрлі дәйексөздерді, идиомаларды, фразеологизмдерді, бейнелі сөздерді қолданып, өз ойларын, сезімдерін жеткізіп, белгілі бір жағдайды сипаттайды [5, 59 б.].

Саясат, дипломатия саласындағы аудармашылар тек тілдік дағдыларды ғана емес, сондай-ақ тарихты, экономиканы және жалпы саясатты да жетік білуі тиіс. Осы аспектілер саясат саласындағы аударманың өзіндік ерекшеліктерін қалыптастырады.

Дипломатияның негізі — мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастарды басқару. Оңтүстік Кореяның дипломатиялық стратегиялары, әсіресе "жұмсақ күш" концепциясы, елдің имиджін қалыптастыруға және халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған. Жұмсақ күш мәдениет, білім, және ақпарат арқылы әсер ету қабілетін білдіреді. Корей президенттерінің сөздерінде, әсіресе халықаралық ұйымдарда, мәдени диалогты насихаттау мен елдің мәдениетін таныстыру мақсатында жұмсақ күштің маңызы ерекше атап көрсетіледі.

Дипломатиялық мәтіндердің аудармадағы дәлдігі елдің имиджінің, саясатының және тілінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатынын түсіну маңызды. Сондықтан, аудармашы мәтіндерді аударуға кіріспес бұрын, тілдің ерекшеліктерін, оның шығу тарихы мен модификация процессімен тығыз байланысты аспектілерін зерттеуі қажет.

Жаңалықтар бүкіл әлем халқының ажырамас бөлігі болып табылады. Жаңалық газеттері, журналдары және арналардың арқасында адамдар тек бір елдің аясында ғана емес, сонымен қатар одан тыс жерлердегі оқиғалар туралы біледі және біле беруде. Бүгінгі күні әрбір адам жеке аудармаға жүгінбей-ақ шетелдік жаңалықтарды оқуға мүмкіндігі бар. Бұл жұмысты кәсіби аудармашылар жүзеге асырды, олар маңызды ақпаратты жеткізу үшін еңбек етті. Алайда, дипломатиялық аударма туралы айтқанда, жаңалықтардың аудармасы саясат, дипломатиялық келіссөздер және т.б. туралы ақпаратты қателіксіз жеткізуі тиіс екенін атап өткен жөн. Себебі, дұрыс емес аударма бірқатар ауыр саяси қақтығыстарды, кейде жаһандық сипаттағы қақтығыстарды туындатуы мүмкін. Мұнда қайтадан тілдің және елдің жалпы ерекшеліктеріне назар аудару қажет [2, 41 б.].

Тарихи тұрғыдан алғанда, ханча (한자), яғни, қытай иероглифтері Кореяның жазба мәдениетінде 1440 жылдарға дейін, яғни корей алфавиті (한글) енгізілгенге дейін кеңінен қолданылды. Дегенмен, ханча 19 ғасырдың ортасына дейін корей қоғамында маңызды орын алып, білімділіктің белгісі ретінде қарастырылды. Бүгінде ол күнделікті өмірдің әртүрлі салаларында, әсіресе, академиялық және ресми құжаттарда, баспасөзде және жарнамада кездеседі.

Корей жаңалықтарында ханча көбінесе нақты терминдер мен атауларды нақты көрсету үшін қолданылады. Мысалы, мемлекеттік мекемелер мен саяси партияларды білдіретін терминдер жиі ханча түрінде беріледі, бұл контекстке және мағынаға нақтылық қосады. Мысалы, "партия власти" сөзі ханчада 與 (여당) деп көрсетіледі, ал "партия оппозиции" – 野 (야당) [6, 13 б.].

Сонымен қатар, корей тілінде бас әріптердің мүлдем жоқтығын атап өткен жөн, сондықтан электронды медиа-сервистер көбінесе аудиторияның назарын ұсынылған материалдың мазмұнына аудару үшін ханча қолданады. Дәстүрлі корей әріптері хангыляның фонында ханча өте айқын ерекшеленеді, сондықтан журналистер бұл әдісті мақалалардың тақырыптарында да, мәтіндерінде де қолданады, оқырманның назарын қалаған сөздерге аудару мақсатында. Мысалы, «人 삼키는 '악마 구멍' 韓 기술로 막는다!» («Адамдарды жұтатын 'шайтан шұңқыр'ды жабатын корей технолог и асы!») немесе «待望의 JP 大亡하는가» («JP-дің қирауын күтіп тұрмыз ба?») деген тақырыптарда, бірінші жағдайда «адам (кор. 인)» және «корей (кор. 한)» сөздеріне, ал екінші жағдайда «күту (кор. 대망)» және «сәтсіздік (кор. 대망)» сөздеріне назар аударылады. Мұнда авторлар сондай-ақ омонимия арқылы сөз ойынын жасаған [6, 14 б.].

Ханча қолданудың тағы бір мысалы қоғамдық-саяси жаңалықтар мәтіндерінде «尹대통령, 與지도부에 "월드컵서 사우디 만나면 저줄 수도 없고"» [7] атты мақаланың тақырыбы болды. Бұл тақырыпта біз Оңтүстік Кореяның қазіргі президентінің фамилиясына қатысты бұрын зерттеген иероглифті байқай аламыз. Алайда, президенттің фамилиясының иероглифінен бөлек, тағы бір иероглиф – 與 қолданылған. Сөзбе-сөз аудармада бұл иероглиф екі немесе одан да көп адамның бірге жиналуы дегенді білдіреді. Мұнда иероглифтің орналасуы да маңызды. Яғни, 與 иероглифі «лидерлер» (корейше «지도부») сөзінен бұрын тұр. Сондықтан, бұл кездесуде лидерлер туралы сөз болып отыр [2, 42 б.].

Бұл тақырыптың аудармасы былайша болады: «Президент Юн: «Егер Кубок әлемінде Саудиямен кездесу өткізетін болсақ, біз жеңіле алмаймыз»». Бұл тақырыпта 與 иероглифі кездесудегі лидерлердің маңыздылығын көрсетеді, сондықтан оның қолданылуы жаңалық мақаласында маңызды болды.

Сонымен, дипломатиялық мәтіндерді аударуда кездесетін ерекшеліктердің бірі – ханча қолданылуы, бұл корей тілінен қазақ тіліне аударуды қиындатады. Сондықтан, корей тіліндегі дипломатиялық жаңалықтар мәтіндерін қазақ тіліне аударғанда иероглифтің мағынасын дұрыс түсіну қажет.

Екінші ерекшелік дипломатиялық мәтіндердің аударылуында конглиштің қолданылуы. Конглиш — ағылшын сөздерінің корейлік нұсқасы. Дәстүрлі корей тілінде жоқ кейбір ағылшын сөздері алынып, Хангыльмен жазылған [8]. Бұл жүйе корей тілінде берік орын алып, әр түрлі жанрлардағы мәтіндерде, соның ішінде саяси жаңалықтар мәтіндерінде де кездеседі.

Корей президенттері мен ресми тұлғаларының халықаралық форумдарда сөйлеген сөздерінде конглиш сөздері жиі кездеседі. Мысалы, "business" сөзі "비즈니스" (bijeuniseu) деп айтылуы мүмкін, ал "meeting" "미팅" (miting) ретінде қолданылуы байқалады.

Конглиштің дипломатиялық мәтіндерде қолданылуына мысал ретінде «한총리, 佛•아프리카 순방...파리 BIE서 부산엑스포 유치 PT» [9] атты мақаланы келтіруге болады. Мақаланың тақырыбында да, мазмұнында да 엑스포 сөзі қолданылған. Бұл жағдайда ағылшын тіліндегі «Ехро» сөзі Хангыльмен жазылған. Осы саяси жаңалықтың аудармасында маңызды элемент — Ехро терминінің мағынасын түсіну. Ехро — бұл JavaScript және React пайдалана отырып, Android, iOS және Интернет үшін әмбебап қосымшаларды жасау платформасы.

엑스포 сөзі мәтінде бірнеше рет аталады, сондықтан оның толық және дәл анықтамасы ақпараттың мазмұнын дұрыс жеткізуге көмектеседі. Алайда, мақалада корей тіліндегі эквиваленті (부산세계박람회=부산엑스포) (Пусан халықаралық көрмесі= Пусан Экспо) де аталады. Осылайша, аударма дәстүрлі корей тілінен тікелей немесе конглиш ретінде жүзеге асырылуы мүмкін. Алайда, осы жағдайда Ехро терминін аудармада сақтау тиімдірек, себебі бұл сөз Лондонда пайда болған платформаға ресми атау болып табылады [2, 42 б.].

Конглиштің дипломатиялық жаңалықтарда пайдаланылуы, тілдік көптүрлілікті көрсетумен қатар, халықаралық қатынастарда түсіністік пен ықпалдастықты арттыруға да мүмкіндік береді. Дегенмен, конглиш терминдері мен конструкцияларын дұрыс пайдалану, әсіресе ресми құжаттар мен мәлімдемелерде, өте маңызды. Аталған терминдер дипломатиялық контекстте сәйкес келуі және өзара түсіністікке әкелуі тиіс.

Корей тілінен қазақ тіліне дипломатиялық жаңалықтарды аударудың келесі ерекшелігі – мәтіндерде арнайы лексиканың қолданылуы. Мұндай лексика белгілі бір салаға қатысты сөздер немесе сөз тіркестерін қамтиды.

Оңтүстік Кореяның соңғы саяси жаңалықтарында «합법파업보장법» (заңды ереуілдерді қорғау туралы заң) атты жаңа заң туралы мақала пайда болды. Мақалада «이재명 "'노란봉투법' 대신 '합법파업보장법'으로 바꾸자"» [10] (Ли Джэ Мён: «'Заңды сары конвертті' 'заңды ереуілдерді қорғау туралы заңмен' ауыстырайық») деп айтылады. Аудармашы үшін негізгі мәселе – осы жаңалықтың мазмұнын түсіну. Сапалы аударма жасау үшін корей тіліндегі дипломатиялық мәтіндердің ерекшеліктерін ескеру, сонымен қатар ұсынылған екі заңның негізгі құрамдас бөліктерімен танысу қажет. Корей тілінен қазақ тіліне аударғанда, заңдардың аттарын сөзбе-сөз аудару маңызды, бұл ақпараттың толық және дәл жеткізілуін қамтамасыз етеді [2, 42 б.].

Арнайы лексиканың қолданылуына мысал ретінде «"부울경 특별연합 실현해야"...민주당 경남도당, 토론회 개최» [11] (Пусан, Ульсан және Кеннам арнайы

одағын іске асыруымыз керек... Оңтүстік Кенсан Демократиялық партиясы дебат өткізді) атты мақаланы келтіруге болады. Бұл мақалада «부울경» термині Оңтүстік Корея қалаларын бірыңғай атау үшін қолданылған. Алайда, бұл одақтың атын орыс тіліне аударғанда қиындық туындайды. Аударудың екі нұсқасы бар: қалалардың толық атын көрсету немесе қалалардың алғашқы әріптерінен (Пусан, Ульсан, Кеннам – Пу-Уль-Кен) құрастыру. Мақалада одақтың атауы қысқартылған түрде аталады, сондықтан екінші аударма нұсқасын пайдалану орынды. Мақаланың басында бұл атаудың толық ашылуы («부산•울산•경남 3개 시•도가 부울경 특별연합...») (Пусан, Ульсан, Кеннам 3 қаласы • арнайы коалиция Пу-Уль-Кен...) берілгендіктен, одақтың қысқартылған атауын қолдану сәтті болады [2, 42 б.].

Осындай мәдени нюанстарды ескере отырып, рәсімділікті сақтап, айқындықты қамтамасыз ете отырып, аударушылар тек дәл емес, сонымен қатар аудиториямен дұрыс байланыс орнататын мәтіндер аудармаларды алады. Екі мәдениетпен тұрақты қарым-қатынас жасау аудармалардың сапасын жақсартып, дипломатиялық коммуникацияларда өзара түсінуді жеңілдетеді.

Аударма барысында қолданылатын стратегиялар әртүрлі және олардың тиімділігі мәтіннің контексіне байланысты болады. Функционалдық эквиваленттілік стратегия контексте бірдей қызмет атқаратын қазақ тіліндегі тіркестерді іздеуді қамтиды. Мысалы, корей тіліндегі «국제사회» тіркесін қазақша «халықаралық қоғамдастық» деп аударуға болады. Бұл сөздердің функционалдық эквиваленті олардың мағынасы мен қолдану саласында бірдей қызмет атқарады.

Кейде мәдени контекст ескерілуі керек. Мысалы, корей тіліндегі "한류" (Халлю) тіркесін қазақ тілінде «Корей мәдениетінің жаһандық танымалдылығы» деп аударған дұрыс, өйткені бұл қазақ оқырмандары үшін мағыналы және түсінікті болады.

Дипломатиялық терминдер мен концепцияларды түсіндіру үшін сілтемелер мен түсіндірмелерді пайдалану тиімді болады. Мысалы, «최고위급 회담» тіркесін «жоғары деңгейдегі келіссөздер» деп аударған кезде, қажет болса, түсіндірме ретінде «мемлекет басшылары немесе жоғары лауазымды тұлғалар арасындағы келіссөздер» деп қосуға болады. Мысалы, корей тіліндегі «한반도 평화» тіркесі «Корей түбегіндегі бейбітшілік» деп аударылады. Бірақ бұл жағдайда Солтүстік және Оңтүстік Корея арасындағы саяси жағдайға байланысты қосымша түсінік беру керек.

Дипломатиялық мәтіндердің ресмилігі мен епкінін сақтау керек. Мысалы, корей тіліндегі «저희는 이 문제에 대해 심도 깊은 논의를 원합니다» (Біз бұл мәселені терең талқылауды қалаймыз) деп аударудың орнына, «Біз бұл мәселе бойынша терең талқылау жүргізуді қалаймыз» деп аударған жөн. Бұл құрылым қазақ тілінде ресми түрде қабылданады. Корей тіліндегі сыпайылық жүйесі – негізгі қиындықтардың бірі. Сөйлеуші әрқашан өз әлеуметтік жағдайын, яғни сөйлесушімен және талқыланып отырған тұлғамен қарым-қатынасының деңгейін ескеруі керек. Сөйлесушінің жасы, туыстық дәрежесі, әлеуметтік мәртебесі сияқты факторларға байланысты әр түрлі қарым-қатынас стильдері қолданылады.

Бұл стильдер нақты сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуымен ерекшеленеді. Осы стильдерді дұрыс және орынды пайдалану – өте күрделі әрі нәзік мәселе. Саяси дискурс аудармашылары үшін ең қызықтысы – ресми сыпайы стиль, алайда аударма процесінде оратор кейде өзінің сөзінің кейбір бөліктеріне ерекше назар аудару үшін әдейі сыпайылықты азайтуы мүмкін.

Стильдердің әртүрлілігі корей тілін үйренушілер мен аудармашылар үшін белгілі бір қиындықтар туындатады. Мұндай жағдайларда аудармашы тыңдаушыға немесе

оқырманға қажетті ақпаратты жеткізу үшін, белгілі бір стиль мен сыпайылық деңгейін сақтай отырып, дұрыс аударма жасауға мәжбүр болады.

Мысал: «저는 니자르바에프 대통령께서 발표하신 ‘2050 전략’은 카자흐스탄 경제를 위한 탁월한 선택이라고 생각합니다», «Мен президент Нұрсұлтан Назарбаев жариялаған ‘2050 стратегиясы’ Қазақстан экономикасы үшін тамаша таңдау деп ойлаймын» деп аударылады. Корей тілінде президент Нұрсұлтан Назарбаевқа қатысты құрмет көрсететін үш форма қолданылған. Ал қазақ тіліне аударғанда бұл ерекшеліктер көрінбейді [12, 168 б.].

Аудармашы ресми сыпайылықты көрсету үшін қосымша сөздер немесе конструкциялар қолдануы керек, өйткені корей тіліндегі құрмет көрсету деңгейін толық жеткізу үшін қазақ тіліндегі сыпайылық формаларын қарастыру қажет.

Аударма кезінде қиындықтардың бірі саясаткерлердің өз сөздерінде мақал-мәтелдерді қолдануы болып табылады. Мақал-мәтелді тікелей аудару жеткіліксіз, оның мағынасына сәйкес эквивалентті мақал-мәтелді (интерпретацияны) табу қажет. Аудармашыдан екі тілде де мақал-мәтелдерді жақсы білуі талап етіледі.

존경하는 이명박 대통령 각하! 존경하는 김윤옥 여사님 ! 저는 러시아 수도 모스크바에 있는 크렘린궁에서 대통령 각하 내외분을 반가운 마음으로 다시 한번 환영하게 되어 기쁘게 생각합니다. «웃은 새 것이 좋고, 친구는 오래될수록 좋다»라는 한국 속담이 있습니다. 바로 이러한 속담은 한러 관계에도 적용될 수 있다고 생각합니다 [13]. «Құрметті жоғары мәртебелім Ли Мен Бак президент! Құрметті Ким Юн Ок ханым! Мен Ресейдің астанасы Москвадағы Кремльде жоғары мәртебелі президент пен қонақтарды шын жүректен қайтадан қарсы алғанына қуаныштымын. Заттың жаңасы жақсы, достың ескісі жақсы деген кәріс мақалы бар. Осындай мақал дәл Корей және ресей қарым қатынасында қолданғанымыз орынды деп ойлаймын». Бұл мәтіндегі «웃은 새 것이 좋고, 친구는 오래될수록 좋다» мақалы «Заттың жаңасы жақсы, достың ескісі жақсы» деп аударылған болатын.

Аудармашы әрдайым көп мағыналы сөздермен, омонимдермен жұмыс істегенде мұқият болуы керек, әйтпесе бұл тек лингвистикалық мәселелерге ғана емес, саяси қатынастардағы қиындықтарға да алып келуі мүмкін. Корей тілінен аударғанда, сөздің мағынасын таңдауға ерекше назар аудару қажет, өйткені көптеген сөздерге көп мағыналылық тән. Сөздің мағынасы контекстке байланысты аударма барысында ашылады. Көп мағыналы сөздердің мысалдарын келтірейік: 일 – «жұмыс, іс»; 日 «күн»; «бір». 거리 – «көше, жол»; 巨利 «үлкен кіріс», 距離 «арақашықтық» және т.б.

Аудармашы аударма кезінде түрлі қиындықтарды болдырмау үшін әртүрлі әдістер мен стратегияларды пайдаланады. Аударма әдістері мен стратегияларының көптігі бар. Олардың барлығы өзекті және маңызды, себебі олардың қолданылуы жағдайға және аударма контекстіне байланысты. Сондықтан оларды аудармашылар белсенді түрде қолданады.

Қорытынды

Дипломатиялық жаңалықтарды аудару процесі мәдени нюанстарды және стратегиялық тәсілдерді ескеруді талап етеді. Аудармашылар үшін тек тілдік дағдылармен шектелу жеткіліксіз, олар екі елдің мәдениеті, тарихы мен саяси контекстін терең түсінуі тиіс. Мәдени контекстің маңызы аударма сапасын арттыруға және халықаралық қатынастарды нығайтуға ықпал етеді.

Дипломатиялық мәтіндерде мәдени сілтемелер, терминология мен риторикалық тәсілдер ерекше орын алады. Аударма кезінде кездесетін лексикалық айырмашылықтар мен грамматикалық құрылымдарды ескеру, сонымен қатар сыпайылық пен ресмилік деңгейін сақтау қажеттілігі туындайды. Мысалы, корей мен қазақ тілдеріндегі құрмет көрсету формаларының айырмашылығын дұрыс түсіну, аударма процесінде маңызды рөл атқарады.

Стратегиялар арасында контекстуалды түсіну, терминологиялық анализ, сыпайылық нормаларын бақылау және заманауи технологияларды қолдану сияқты тәсілдер бар. Тренингтер мен білім беру бағдарламалары аудармашылардың мәдени нюанстарды тереңірек түсінуіне мүмкіндік береді. Мұндай оқыту бағдарламалары халықаралық қатынастардағы коммуникацияның тиімділігін арттыруға, сондай-ақ екі ел арасындағы қарым-қатынастарды нығайтуға көмектеседі.

Дипломатиялық мәтіндердің аударылуы тек тілдік аспектілермен ғана емес, сонымен қатар мәдени және саяси аспектілермен де байланысты. Сәтті аударма стратегиялық ойлауды, мәдени білімді және кәсіби шеберлікті талап етеді. Сондықтан, екі ел арасындағы ынтымақтастықты арттыру және мәдениетаралық байланыстарды дамыту үшін аударма процесін дұрыс ұйымдастыру өте маңызды.

Осылайша, дипломатиялық жаңалықтарды аударуда мәдени нюанстар мен стратегияларды терең түсіну халықаралық қатынастардағы коммуникацияны нығайтуда маңызды рөл атқарады. Аударма арқылы елдер арасындағы өзара түсіністік пен достық қарым-қатынастарды дамытуға мүмкіндік туындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Чан Б. С., Тұрғанбай А. Қ. Translation features of korean literary texts into kazakh language. *Journal of Oriental Studies* (2017), 80(1), 292–302. Retrieved from <https://bulletin-orientalism.kaznu.kz/index.php/1-vostok/article/view/921>
2. Шепель А. П. Особенности перевода общественно-политических новостных текстов (на примере корейского языка). *Журнал Корееведение в России: направление и развитие*, 2023. Т. 4. №1. С. 39 – 44
3. Bakitov A. T., Smagulova A.S., Zhunusbekkyzy A. Comparative analysis of the peculiarities of translation of diplomatic political texts into kazakh, french and english. *Endless light in science*, 2024.
4. Hussein, S., Ahmad, R., Meena, R., & Ali, H. (2021). Common Problems in Translation of Political Texts: The Case of English and Kurdish Languages. *Canadian Journal of Language and Literature Studies*, 1(2), 11–23. <https://doi.org/10.53103/cjlls.v1i2.14>
5. Mohammad I.M. Strategies of Translating Political Texts with Particular Reference to English and Italian. *Research on Humanities and Social Sciences*, Vol.4, No.21, 2014.
6. Абульханова М.С. Использование ханчи в электронных корейских СМИ как специфика языка медиа-источников республики корей. *Корееведение в России: направление и развитие*, 2024. Т. 5. №1. С. 12–14.
7. 김연정尹대통령, 與지도부에 "월드컵서 사우디 만나면 저절 수도 없고"(종합). Электрондық ресурсы: 연합뉴스, 2022. URL: <https://www.yna.co.kr/view/AKR20221127038751001?section=politics/all&site=topnews01> (қаралған күні 20.10.2024).
8. Konglish – Complete list of Korean loanwords for 2022. → Электрондық ресурсы: 90DayKorean, 2022. URL: <https://www.90daykorean.com/konglish/> (қаралған күні 21.10.2024)
9. 정아란한 총리, 佛•아프리카 순방...파리 BIE서 부산엑스포 유치 PT. Электрондық ресурсы: Naver news, 2022. URL: <https://n.news.naver.com/mnews/article/001/0013604859?sid=100> (қаралған күні 21.10.2024)
10. 조희원 이재명 "'노란봉투법' 대신 '합법파업보장법'으로 바꾸자". Электрондық ресурсы: Naver news, 2022. URL: <https://n.news.naver.com/mnews/article/214/0001237794?sid=100> (қаралған күні 22.10.2024)
11. 황봉규 "부울경 특별연합 실현해야"...민주당 경남도당, 토론회 개최. Электрондық ресурсы: Naver news, 2022. URL: <https://www.yna.co.kr/view/AKR20221126026900052?section=politics/all>
12. Амангелды А.М. Основные трудности перевода политического дискурса с корейского на казахский язык «Корееведение Казахстана» вып. 5. Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана. 2017. 400 с.
13. 존경하는 이명박 대통령 각하, 김윤옥 여사님..개포주공 실제 거주자들의 눈물을 닦아주세요. Электрондық ресурсы: 나눔뉴스, 2011. URL: <https://www.nanumnews.com/26291>(қаралған күні 22.10.2024)